Мемлекеттік статистиканың тиісті органдарына анық емес бастапқы статистикалық деректерді ұсыну және бастапқы статистикалық деректерді белгіленген мерзімде ұсынбау "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 497-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар болып табылады.

Представление недостоверных и непредставление первичных статистических данных в соответствующие органы государственной статистики в установленный срок являются административными правонарушениями, предусмотренными статьей 497 Кодекса Республики Казахстан "Об административных правонарушениях"

Қазақстан Республикасы  
Стратегиялық жоспарлау  
және реформалар агенттігінің  
Ұлттық статистика  
бюросының басшысы  
2022 жылғы 24 тамыздағы  
№ 17 бұйрығына  
4-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика  
министрлігі Статистика  
комитеті Төрағасының  
2020 жылғы 21 қаңтардағы  
№ 5 бұйрығына  
8-қосымша

**"Көрсетілген қызметтердің көлемі туралы есеп" (индексі 2-қызмет көрсету, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық**

1. Осы нұсқаулық "Көрсетілген қызметтер көлемі туралы есеп" (2-қызмет көрсету, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын (бұдан әрі – статистикалық нысан) толтыруды нақтылайды.

2. Осы статистикалық нысанды Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) төменде келтірілген кодтарына сәйкес қызмет көрсету саласындағы негізгі қызмет түрі бар респонденттер тапсырады:

- 1) 58 - баспа қызметі;
- 2) 59 - кино-, бейнефильмдер және телевизиялық бағдарламалар, дыбыс жазбалар және музыкалық шығармаларды шығару саласындағы қызмет;
- 3) 60 - бағдарлама және теле-радио хабарлама жасау бойынша қызмет;
- 4) 62 - компьютерлік бағдарламалау, консультациялық және басқа ілеспе көрсетілетін қызметтер;
- 5) 63 - ақпараттық қызмет көрсету саласындағы қызмет;

- 6) 64.20.0 –холдингтік компаниялар қызметі;
- 7) 68 - жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар;
- 8) 69 - құқық және бухгалтерлік есеп саласындағы қызмет;
- 9) 70 - бас компаниялардың қызметі; басқару мәселелері бойынша консультация беру;
- 10) 71 - сәулет, инженерлік ізденістер, техникалық сынақтар мен талдау саласындағы қызмет;
- 11) 72 - ғылыми зерттеулер және әзірлемелер;
- 12) 73 - жарнама қызметі және нарық конъюнктурасын зерттеу;
- 13) 74 - өзге де кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет;
- 14) 75 - ветеринарлық қызмет;
- 15) 77 - жалдау, прокат және лизинг;
- 16) 78 - жұмысқа орналастыру саласындағы қызмет;
- 17) 80 - қауіпсіздікті қамтамасыз ету және тергеу жүргізу бойынша қызмет;
- 18) 81 - ғимараттарға қызмет көрсету және аумақтарды абаттандыру бойынша қызмет;
- 19) 82 - коммерциялық қызметті қолдауға бағытталған офистік әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет;
- 20) 90 - шығармашылық, өнер және ойын-сауық саласындағы қызмет;
- 21) 91 - кітапханалардың, архивтердің, музейлердің және өзге де мәдениет саласындағы қызметтер;
- 22) 92 - құмар ойындар және бәс тігуді ұйымдастыру бойынша қызмет;
- 23) 93 - спорт, демалыс пен ойын-сауықты ұйымдастыру саласындағы қызмет;
- 24) 95 - компьютерлерді, тұрмыстық бұйымдар мен жеке тұтынатын заттарды жөндеу;
- 25) 96 - өзге де дербес қызметтер көрсету.

3. Егер құрылымдық бөлімшеге заңды тұлға статистикалық нысанды тапсыру бойынша өкілеттік берсе, онда ол өзі орналасқан жердегі аумақтық статистика органдарына осы статистикалық нысанды ұсынады. Егер құрылымдық бөлімшеде статистикалық нысанды тапсыру бойынша өкілеттіктері болмаған жағдайда, онда заңды тұлға өзі орналасқан жердегі аумақтық статистика органдарына олардың аумақтарын көрсете отырып, құрылымдық бөлімшелер бөлінісінде статистикалық нысанды ұсынады.

4. 2-бөлімдегі "Қызметтің негізгі түрлері бойынша көрсетілген қызметтер көлемі" көрсеткіші олардың төлемінің уақытына қарамастан (яғни, орындалған қызмет көрсетулердің көлемін есептеу аудару әдісі бойынша жүргізіледі) орындау сәтіндегі көрсетілген қызметтер құнын білдіреді.

Көрсетілген қызметтердің құны қосымша құн салығынсыз ағымдағы бағада есептелінеді.



Көрсетілген қызметтер көлеміне халық қаражаты және қызметті тұтынушылардың басқа санаттарының қаражаты есебінен (кәсіпорындардың меншікті қаражаты және көрсетілген қызметтерді төлеуге мемлекеттік бюджеттен алынған қаражатты қамтиды) төленген қызметтерден түскен табыстар қосылады.

Көрсетілген қызметтер көлеміне, оларға төлем уақыты бойынша емес, өндіріс процесіне шығу сәтіндегі қызметтерді ұсынумен байланысты барлық шығындар қосылады:

1) көліктік-дайындау шығыстарын есептегенде негізгі материалдардың, шикізаттың құны;

2) өндірістік және басқа да қажеттіліктерге (сынақ өткізу, бақылау) пайдаланылатын, сатып алынатын материалдардың және жартылай фабрикаттардың құны;

3) көрсетілген қызметтің өндірісі үшін пайдаланылатын отынды сатып алу шығындары, сондай-ақ сатып алынатын энергияның барлық түрлерінің құны (электрлік, отындық, сығылған ауа);

4) табиғи шикізатты пайдаланумен байланысты шығындар (су шаруашылығы жүйесінен алынған суға төлем, түбіріне жіберілген ағашқа төлемінің бір бөлігі);

5) бөгде субъектілермен орындалған өндірістік сипаттағы жұмыстар мен қызмет көрсетулер құны;

6) субъектіге меншік, жедел басқару құқығында тиесілі барлық негізгі құралдардың түрлері, сондай-ақ ұзақ мерзімді жалға алынатын негізгі құралдар бойынша амортизацияның аударымдардың есепті кезең ішінде есептілік соммасы;

7) жалақы төлеміне шығыстар;

8) салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, іс-сапарлық, өкілдік шығыстар, қайырымдылық көмек және басқалары;

9) ағымдағы жөндеу, коммуналдық қызметтер.

Көрсетілген қызметтер көлеміне ғимараттар мен ғимараттардың құрылысына немесе күрделі жөндеуіне, машиналар мен жабдықтарды оларды пайдалану мерзімін арттыру және өнімділігін көбейту мақсатында жаңарту (мұндай шығыстар негізгі капиталдың жалпы жинақталуы ретінде түсіндіріледі) және жөндеуге жұмсалған шығыстары қосылмайды.

Құмар ойындар және бәс тігуді ұйымдастыру бойынша көрсетілген қызметтер көлеміне (КҚСЖ 92), мөлшерлемелер мен ұтыстарды төлеу арасындағы айырмашылық қосылады.

2-бөлімнің 1-жолының 2-бағанында халықтың өз қаражаты есебінен көрсетілетін қызметтер көлемі көрсетіледі. Бұл жолға мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен халыққа көрсетілетін қызметтер көлемі қысылмаған, бұл көлем 2-бөлімнің 1-бағанына енгізілген.

5. 3-бөлімде қосалқы қызмет түрлері бойынша 2-бөлімде көрсетілген деректерді қоспағанда, өндірілген өнімнің (жұмыс, қызмет көрсетудің) көлемі туралы мәліметтер көрсетіледі. Қызметтің қосалқы түріне негізгіден басқа, үшінші тұлға үшін тауарларды (көрсетілетін қызметтерді) өткізу мақсатында жүзеге асырылатын қызмет түрі жатады.

Қосалқы қызмет түрлері бойынша көрсетілетін қызметтер тізбесі 5-таңба бөлінісінде ЭҚЖЖ-ға сәйкес көрсетіледі.

6. Есепті кезеңде (жыл) қызметі болмаған кезде респондент бекітілген Респонденттердің жалпымемлекеттік статистикалық байқаулар бойынша алғашқы статистикалық деректерді ұсыну графигінде көрсетілген берілген есепті кезең үшін статистикалық нысандарды ұсынудың ең ерте мерзімдерінің аяқталу күнінен кешіктірмей белгіленген тәртіпте тиісті статистикалық нысандардың орнына қызметінің болмағандығы туралы хабарламаны қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде қызметінің болмау себебі мен аталған қызмет жүзеге асырылмайтын мерзімдерді көрсете отырып, Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі № 173 бұйрығымен бекітілген, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6459 болып тіркелген Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидаларына 1-қосымшада келтірілген нысанға сәйкес ұсынады.

7. Осы статистикалық нысанды тапсыру электрондық түрде немесе қағаз жеткізгіште жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электронды түрде толтыру Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсында (<https://cabinet.stat.gov.kz/>) орналастырылған "Респонденттің кабинеті" арқылы он-лайн режимде жүзеге асырылады.

8. Арифметикалық - логикалық бақылау:

1) 2-бөлім:

1-жол = КҚСЖ-нің 9 белгісі бойынша жолдардың  $\sum$ ;

1-баған  $\geq$  әр жол бойынша 2-баған.

2) 3-бөлім:

1-жол = барлық жолдардың  $\sum$ .

Қазақстан Республикасы  
Стратегиялық жоспарлау  
және реформалар агенттігінің  
Ұлттық статистика  
бюросының басшысы  
2022 жылғы 24 тамыздағы  
№ 17 бұйрығына  
5-қосымша

Мемлекеттік статистика  
органдары құпиялығына кепілдік  
береді

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігінің  
Статистика комитеті төрағасының  
2020 жылғы "21" қаңтардағы



Жол коды К о д строки	ЭҚЖЖ бойынша қызмет түрлерінің атауы Наименов ание видов услуги по ОКЭД	ЭҚЖЖ <sup>1</sup> коды Код ОКЭД <sup>1</sup>	Көрсетілге н қызметтер дің көлемі – барлығы, мың тенге Объем оказанных услуг – всего, тысяч тенге	Соның ішінде қызмет алушылар: В том числе услугополучатели:					
				заңды тұлғалар юридические лица				жеке тұлға физически е лица	
				мемлекетт ік меншік государств енная собственн ость	жеке меншік частная собственн ость	одан из них	бірлескен кәсіпорын дардың шет ел қатысқан меншігі собственн ость совместны х предприят ий с иностранны м участием		шетелдік қатысуым е н бірлескен меншік иностранны а я собственн ость
А	Б	В	1	2	3	4	5	6	
1	Барлығы Всего	Х							

Ескертпе:

Примечание:

<sup>1</sup> Мұнда және бұдан әрі ЭҚЖЖ – Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) интернет-ресурсындағы "Жіктеуіштер" бөлімінде орналастырылған

<sup>1</sup> Здесь и далее ОКЭД – Общий классификатор видов экономической деятельности, размещен на интернет-ресурсе Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz), в разделе "Классификаторы"

	оның ішінде: в том числе:							
1.1	Компьюте рлік ойындар шығару Издание компьюте рных игр	58.21.0						
	Өзге де бағдарлам							

1.2	алық қамтамасы з етуді шығару Издание прочего программн о г о обеспечен ия	58.29.0						
1.3	Бағдарлам алық қамтамасы з етуді әзірлеу Разработка программн о г о обеспечен ия	62.01.1						
1.3.1	оның ішінде жергілікті камту из них местное содержани е							
1.4	Бағдарлам алық қамтамасы з етуді сүйемелде у Сопровождение программн о г о обеспечен ия	62.01.2						
1.4.1	оның ішінде жергілікті камту из них местное содержани е							
	Ақпаратты қ технологи ялар							

1.5	саласында ғ ы консульта циялық және практикал ы қ қызметтер Консульта ционные и практичес кие услуги в области информац ионных технологи й	62.02.1						
1.6	Коммерци ялық ақпаратты қ жүйелерді жоспарлау және жобалау Планирова ние и проектиро вание коммерчес ких информац ионных систем	62.02.2						
	Мемлекет тік электронд ы қ ақпаратты қ ресурстар мен жүйелерді қалыптаст ыру және дамыту аясында ақпаратты қ-коммуни кациялық инфрақұр ылымды басқару							

1.7	<p>бойынша қызмет</p> <p>Деятельность по управлению информационно-коммуникационной инфраструктурой в рамках формирования и развития государственных электронных информационных ресурсов и систем</p>	62.03.1						
1.8	<p>Ақпараттық – коммуникациялық құрал-жабдықтарды басқару бойынша қызмет</p> <p>Деятельность по управлению информационно-коммуникационным оборудованием</p>	62.03.2						
	<p>Мемлекеттік органдар, мекемелер және ұйымдардың функцияларының автоматта</p>							

1.9	<p>ндыру аясында ақпараттық технологиялар және ақпараттық жүйелер саласындағы қызметтің басқа да түрлері</p> <p>Другие виды деятельности в области информационных технологий и информационных систем в рамках автоматизации функций государственных органов, учреждений и организаций</p>	62.09.1						
1.10	<p>Киберқауісіздік саласындағы қызмет</p> <p>Деятельность в области кибербезопасности</p>	62.09.2						
	<p>Басқа топтамаларға енгізілмеген ақпараттық технология</p>							



1.11	<p>ялар мен ақпараттық жүйелер саласындағы қызметтің басқа да түрлері  Другие виды деятельности в области информационных технологий и информационных систем, не включены в другие группировки</p>	62.09.9						
1.12	<p>Қосымшаларды (қолданбалы бағдарламаларды) орналастыру және осымен байланысты қызметтер  Размещение приложений (прикладных программ) и связанная с этим деятельность</p>	63.11.1						
	<p>Ақпараттық жүйелер мен деректер</p>							

1.13	базасын сүйемелдей отырып, әдіснамалық-ақпараттық қамтамасыз ету Информационно-методологическое обеспечение сопровождением информационных систем и баз данных	63.11.2						
1.14	Веб-порталдардың қызметі Деятельность веб-порталов	63.12.0						
1.14.1	оның ішінде жергілікті камту из них местное содержание							

**3. Бейрезиденттерге көрсетілген ІТ қызметтердің көлемі туралы ақпаратты көрсетіңіз, мың тенге**

Укажите информацию об объеме оказанных ІТ услуг нерезидентам, тысяч тенге

Жол коды Код строки	ЭҚЖЖ бойынша қызмет түрлерінің атауы Наименование видов услуги по ОКЭД	ЭҚЖЖ1 коды Код ОКЭД1	Көрсетілген қызметтердің көлемі – барлығы, мың тенге Объем оказанных услуг – всего, тысяч тенге	Алушы елдер Страна получателя
А	Б	В	1	2
1	Барлығы Всего	Х		Х

	оның ішінде: в том числе:			
1.1	Компьютерлік ойындар шығару Издание компьютерных игр	58.21.0		X
1.2	Өзге де бағдарламалық қамтамасыз етуді шығару Издание прочего программного обеспечения	58.29.0		X
1.3	Бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу Разработка программного обеспечения	62.01.1		X
1.3.1	оның ішінде жергілікті қамту из них местное содержание			X
1.4	Бағдарламалық қамтамасыз етуді сүйемелдеу Сопровождение программного обеспечения	62.01.2		X
1.4.1	оның ішінде жергілікті қамту из них местное содержание			X
1.5	Ақпараттық технологиялар саласындағы консультациялық және практикалық қызметтер Консультационные и практические услуги в области информационных технологий	62.02.1		X
	Коммерциялық ақпараттық			

1.6	жүйелерді жоспарлау және жобалау Планирование и проектирование коммерческих информационных систем	62.02.2		X
1.7	Мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар мен жүйелерді қалыптастыру және дамыту аясында ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды басқару жөніндегі қызмет Деятельность по управлению информационно-коммуникационной инфраструктурой в рамках формирования и развития государственных электронных информационных ресурсов и систем	62.02.2		X
1.8	Ақпараттық – коммуникациялық құрал-жабдықтарды басқару жөніндегі қызмет Деятельность по управлению информационно-коммуникационным оборудованием	62.03.2		X
	Мемлекеттік органдар, мекемелер және ұйымдардың функцияларын автоматтандыру аясында ақпараттық технологиялар және ақпараттық жүйелер саласындағы			

1.9	<p>қызметтің басқа да түрлері</p> <p>Другие виды деятельности в области информационных технологий и информационных систем в рамках автоматизации функций государственных органов, учреждений и организаций</p>	62.09.1		X
1.10	<p>Киберқауіпсіздік саласындағы қызмет</p> <p>Деятельность в области кибербезопасности</p>	62.09.2		X
1.11	<p>Басқа топтамаларға енгізілмеген ақпараттық технологиялар мен ақпараттық жүйелер саласындағы қызметтің басқа да түрлері</p> <p>Другие виды деятельности в области информационных технологий и информационных систем, не включенные в другие группировки</p>	62.09.9		X
1.12	<p>Қосымшаларды (қолданбалы бағдарламаларды) орналастыру және осымен байланысты қызметтер</p> <p>Размещение приложений (прикладных программ) и связанная с этим деятельность</p>	63.11.1		X

1.13	Ақпараттық жүйелер мен деректер базасын сүйемелдей отырып, әдіснамалық-ақпараттық қамтамасыз ету Информационно-методологическое обеспечение с сопровождением информационных систем и баз данных	63.11.2		X
1.14	Веб-порталдардың қызметі Деятельность веб-порталов	63.12.0		X
1.14.1	оның ішінде жергілікті қамту из них местное содержание			X

**4. Статистикалық нысанды толтыруға жұмсалған уақытты көрсетіңіз, сағатпен (қажеттісін қоршаңыз)**

Укажите время, затраченное на заполнение статистической формы, в часах (нужное обвести)

1 сағатқа дейін	1-2	2-4	4-8	8-40	40 сағаттан артық
до 1 часа					более 40 часов

Атауы Мекенжайы (респонденттің)

Наименование \_\_\_\_\_ Адрес (респондента) \_\_\_\_\_

Телефоны (респонденттің) \_\_\_\_\_

Телефон (респондента) \_\_\_\_\_ стационарлық \_\_\_\_\_ ұялы

стационарный \_\_\_\_\_ мобильный \_\_\_\_\_

Электрондық пошта мекенжайы (респонденттің)

Адрес электронной почты (респондента) \_\_\_\_\_

Орындаушы

Исполнитель \_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы, телефоны (орындаушының) фамилия, имя и отчество (при его наличии) \_\_\_\_\_ подпись, телефон (исполнителя)

Бас бухгалтер

Главный бухгалтер \_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы (бас бухгалтердің)  
фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись (главного бухгалтера)

Басшы немесе оның

міндетін атқарушы тұлға

Руководитель или лицо,

исполняющее его обязанности \_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы

фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись

Ескертпе:

Примечание:

Мемлекеттік статистиканың тиісті органдарына анық емес бастапқы статистикалық деректерді ұсыну және бастапқы статистикалық деректерді белгіленген мерзімде ұсынбау "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 497-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар болып табылады

Представление недостоверных и непредставление первичных статистических данных в соответствующие органы государственной статистики в установленный срок являются административными правонарушениями, предусмотренными статьей 497 Кодекса Республики Казахстан "Об административных правонарушениях"

Қазақстан Республикасы  
Стратегиялық жоспарлау  
және реформалар агенттігінің  
Ұлттық статистика  
бюросының басшысы  
2022 жылғы 24 тамыздағы  
№ 17 бұйрығына  
6-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігі  
Статистика комитеті  
төрағасының  
2020 жылғы 21 қаңтардағы  
№ 5 бұйрығына  
10-қосымша

**"Көрсетілген ІТ қызметтердің көлемі туралы есеп" (индексі 2-қызмет көрсету (ІТ), кезеңділігі жылдық) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық**

1. Осы нұсқаулық "Көрсетілген ІТ қызметтердің көлемі туралы есеп" (2-қызмет көрсету (ІТ), кезеңділігі жылдық) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын (бұдан әрі – статистикалық нысан) толтыруды нақтылайды.

2. Осы статистикалық нысанды Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) төменде келтірілген кодтарына сәйкес ІТ қызмет көрсету саласында негізгі қызмет түрі бар респонденттер ұсынады:

1) 58.2 - бағдарламалық қамтамасыз етуді шығару;

2) 62 - компьютерлік бағдарламалау, консультациялық және басқа ілеспе көрсетілетін қызметтер;

3) 63.1 - ақпараттық қызмет көрсету саласындағы қызмет.

3. Статистикалық нысанды ІТ қызмет көрсету саласында негізгі қызмет түрі бар заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері, сондай-ақ іріктемеге түскен дара кәсіпкерлер ұсынады.

Заңды тұлғалардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері егер оларға заңды тұлғалар статистикалық нысандарды тапсыру бойынша өкілеттік берсе, онда олар өзі орналасқан жері бойынша статистикалық нысандарды ұсынады. Егер құрылымдық және оқшауланған бөлімшелердің мұндай өкілеттіктері болса, онда заңды тұлғалар статистикалық нысандарды олардың орналасқан жерін көрсете отырып, құрылымдық және оқшауланған бөлімшелер бөлінісінде ұсынады.

4. 2-бөлімде ІТ қызметтердің көлемі көрсетеледі, көрсетілетін қызметті алушылар резиденттер болып табылады.

2-бөлімнің 1-бағанында "Көрсетілген қызметтер көлемі" көрсеткіші кәсіпорындардан, мекемелерден, халықтың көрсетілген қызметтерге үшін төлемінен түскен қаражат мөлшерінде көрсетілген қызметтердің құнын қамтиды.

Көрсетілген қызметтер көлеміне оларға төлем уақыты бойынша емес, олардың өндіріс процесіне кіру сәтіндегі қызметтерді ұсынумен байланысты барлық шығындар қосылады:

1) көліктік-дайындау шығыстарын ескерумен негізгі материалдардың, шикізаттың құны;

2) өндірістік және өзге де қажеттіліктерге (сынақ өткізу, бақылау) пайдаланылатын, сатып алынатын материалдардың құны;

3) отын, сондай-ақ қызметтің өндірісі үшін пайдаланылатын энергияның (электрлік, жылу, сығылған ауа) барлық түрлерін сатып алуға және өзге де коммуналдық қызметтерге арналған шығындар;

4) табиғи шикізатты пайдаланумен байланысты шығындар (су шаруашылығы жүйесінен алынған суға төлем, түбірімен босатылатын сүрек үшін төлем бөлігінде);

5) бөгде субъектілер орындаған өндірістік сипаттағы жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің құны;

6) өзге де материалдық шығындар;

7) жалақы төлеуге шығыстар;

8) салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, іссапар, өкілдік шығыстар, қайырымдылық көмек және өзге де шығыстар;



9) кеңес беру, тергеу жүргізу бойынша және қауіпсіздікті қамтамасыз ету, жарнама, банк қызметтері сияқты бөгде ұйымдар көрсеткен қызметтер құны;

10) ағымдағы жөндеу.

Көрсетілген қызметтер көлеміне ғимараттар мен ғимараттардың құрылысына немесе күрделі жөндеуіне, машиналар мен жабдықтарды оларды пайдалану мерзімін арттыру және өнімділігін көбейту мақсатында жанарту (негізгі капиталдың жалпы жинақталуы) және жөндеуге жұмсалған шығыстар қосылмайды.

Көрсетілген қызметтердің құны қосымша құн салығынсыз ағымдағы бағада есепке алынады.

2-бөлімнің 2 – 5-бағандарында IT қызметтердің көлемі көрсетіледі, олардың көрсетілетін қызметті алушылары меншік нысандары бойынша нақтылаумен көрсетілген заңды тұлғалар болып табылады.

6-бағанда көрсетілетін қызметті алушылары жеке тұлғалар болып табылатын IT қызметтердің көлемі көрсетіледі.

5. 3-бөлімде IT қызметтердің көлемі көрсетеледі, көрсетілетін қызметті алушылар бейрезиденттер болып табылады.

3-бөлімнің 1-бағанында шетелде көрсетілген IT қызметтердің көлемі көрсетіледі.

3-бөлімнің 2-бағанында IT қызметтерді алушының елі көрсетіледі.

2,3-бөлімнің 1.1-жолында ЭҚЖЖ 58.21.0 "Компьютерлік ойындарды шығару" кез келген платформалар үшін компьютерлік ойындар құруды қамтиды.

2,3-бөлімнің 1.2-жолында ЭҚЖЖ 58.29.0 "Басқа бағдарламалық қамтамасыз етуді шығару" операциялық жүйелер; коммерциялық қосымшаларды өз есебінен белгілі бір нарық үшін жалпы қолданыстағы бағдарламалық қамтамасыз етуді аудару немесе бейімдеуді қоса алғанда дайын (жеке пайдаланушыларға бейімделмеген) бағдарламалық қамтамасыз етуді шығаруды қамтиды.

2,3-бөлімнің 1.3-жолында ЭҚЖЖ 62.01.1 "Бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу" мыналарды қамтиды:

1) бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу, түрлендіру және тестілеу;

2) компьютерлік кодтардың құрылымы мен мазмұнын әзірлеу және (немесе) құру және қолданылуы үшін қажетті компьютерлік кодтарды жазу:

жүйелік бағдарламалық қамтамасыз ету (бағдарламалық қамтамасыз етуге жаңартуды, өзгерістер мен толықтыруларды қоса);

қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз ету (бағдарламалық қамтамасыз етуге жаңартуды, өзгерістер мен толықтыруларды қоса);

деректер базасы;

веб-сайттар.

3) клиенттің тапсырысы бойынша бағдарламалық қамтамасыз етуді өзгерту, яғни қолданыстағы қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етуді клиенттің ақпараттық

жүйесінің бағдарламалық ортасында жұмыс істейтіндей етіп түрлендіру және конфигурациялау.

2,3-бөлімнің 1.4-жолында ЭҚЖЖ 62.01.2 "Бағдарламалық қамтамасыз етуді сүйемелдеуге" тек бағдарламалық қамтамасыз етуді сүйемелдеу қызметі ғана кіреді.

2,3-бөлімнің 1.5-жолында ЭҚЖЖ 62.02.1 "Ақпараттық технологиялар саласындағы консультациялық және практикалық қызметтерге":

1) мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар мен жүйелерді қалыптастыру және дамыту шеңберінде жиынтық жабдықтарды және коммуникациялық технологияларды біріктіретін ақпараттық жүйелерді, бағдарламалық қамтамасыз етуді, сондай-ақ ұлттық басқарушы холдингтің, акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей және (немесе) жанама түрде ұлттық басқарушы холдингке тиесілі ұйымдардың ақпараттық ресурстары мен жүйелерін жоспарлау, әзірлеу және дамыту;

2) тиісті пайдаланушыларды оқыту және іске асырылуы мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар мен жүйелерді, сондай-ақ басқарушы холдингтің, акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей және (немесе) жанама түрде ұлттық басқарушы холдингке тиесілі ұйымдардың ақпараттық ресурстары мен жүйелерін қалыптастыруға және (немесе) дамытуға ықпал ететін өзге де қызметтер кіреді.

2,3-бөлімнің 1.6-жолында ЭҚЖЖ 62.02.2 "Коммерциялық ақпараттық жүйелерді жоспарлау және жобалауға":

1) компьютерлік жабдықты, бағдарламалық қамтамасыз етуді және коммуникациялық технологияларды біріктіретін, коммерциялық мақсатта пайдалану үшін ақпараттық жүйелерді жоспарлау және жобалау;

2) тиісті пайдаланушыларды оқыту кіреді.

2,3-бөлімнің 1.7-жолында ЭҚЖЖ 62.03.1 "Мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар мен жүйелерді қалыптастыру және дамыту шеңберінде ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды басқару жөніндегі қызметке": мемлекеттік органдарға, мекемелерге және ұйымдарға ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды технологиялық, техникалық және өзге де басқару бойынша қызметті ұсыну, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық жабдықтары, бағдарламалық қамтамасыз ету мен ақпараттық жүйелерді пайдалану, сондай-ақ техникалық қолдаудың ілесіп қызметтерін ұсыну кіреді.

2,3-бөлімнің 1.8-жолында ЭҚЖЖ 62.03.2 "Ақпараттық-коммуникациялық жабдықтары басқару жөніндегі қызметке" клиенттердің ақпараттық-коммуникациялық жабдығын және (немесе) деректерді өңдеу құралдарын жедел басқару және пайдалану бойынша қызметтерді ұсынудың кіреді.

2,3-бөлімнің 1.9-жолында ЭҚЖЖ 62.09.1 "Мемлекеттік органдар, мекемелер және ұйымдардың функцияларын автоматтандыру аясында ақпараттық технологиялар және

ақпараттық жүйелер саласындағы қызметтің басқа да түрлері" мемлекеттік органдар, мекемелер және ұйымдардың, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің функцияларын автоматтандыру, сондай-ақ халыққа мемлекеттік қызмет көрсету процесін автоматтандыру бөлігінде ақпараттық технологиялар саласындағы қызмет түрлерін қамтиды.

2,3-бөлімнің 1.10-жолында ЭҚЖЖ 62.09.2 "Киберқауіпсіздік саласындағы қызметке":

1) ұйымның ақпараттық коммуникациялық инфрақұрылым объектілерді қорғау;

2) әлсіздіктерді айқындау;

3) ақпараттандыру объектілерін қорғауды қамтамасыз етуді мониторингтеу;

4) интернет-ресурстарды мониторингтеу;

5) ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкес ақпараттық жүйелердің, автоматтандырылған басқару жүйелерінің, аппараттық-бағдарламалық кешендердің жұмыс істеу шарттарының өзгермейтіндігін мониторингтеу;

6) ақпараттық қауіпсіздік оқиғаларына жауап қайтару;

7) қолжетімді барлық арналар бойынша кәсіпорынның шегінен тыс құпия ақпараттың таратылуын бақылау;

8) қауіпсіздік оқиғаларын талдау және корреляциялау;

9) ақпараттық қауіпсіздік аудиті;

10) ақпараттық қауіпсіздік қауіптерін анықтау, талдау және алдын-алу бөлігінде ақпаратты қорғау құралдарын әзірлеу;

11) ақпаратты криптографиялық қорғаудың құралдарын әзірлеу кіреді.

2,3-бөлімнің 1.11-жолында ЭҚЖЖ 62.09.9 "Басқа топтамаларға енгізілмеген, ақпараттық технологиялар мен ақпараттық жүйелер саласындағы қызметтің басқа да түрлері":

1) басқа топтамаларға енгізілмеген, ақпараттық технологиялар мен ақпараттық жүйелер саласындағы өзге де қызмет, сондай-ақ:

компьютерлерді бұзылғаннан кейін қалпына келтіру;

дербес компьютерлерді орнату (баптау);

бағдарламалық қамтамасыз етуді орнату қызметі;

жұмыс станцияларының, серверлердің, деректерді сақтау жүйелерінің, электр энергетикасы саласындағы ақпараттық қауіпсіздік құралдарының жұмыс істеу (пайдалану) қабілетін қамтамасыз ету кіреді.

2,3-бөлімнің 1.12-жолында ЭҚЖЖ 63.11.1 "Қосымшаларды (қолданбалы бағдарламаларды) орналастыру және осымен байланысты қызметтер":

1) серверде ақпараттық ресурстарды орналастыру үшін инфрақұрылыммен қамтамасыз ету және осы ресурстарға тұрақты қол жеткізуді қамтамасыз ету және осымен байланысты қызмет;

2) веб-сайттарды орналастыру, деректерді ағындық беру қызметі немесе қосымшаларды (қолданбалы бағдарламаларды) орналастыру сияқты орналастыру бойынша мамандандырылған қызметтер;

3) қосымшалар қызметін ұсыну (жалдау);

4) клиенттерге уақыт бөлу тәртібінде жұмыс істейтін басты есептеу жүйесіне қол жеткізуді ұсынуды қамтиды.

2,3-бөлімнің 1.13-жолында ЭҚЖЖ 63.11.2 "Ақпараттық жүйелер мен деректер базасын сүйемелдей отырып, әдіснамалық-ақпараттық қамтамасыз етуге":

1) отын-энергетикалық кешеннің, жаһандық навигациялық спутниктік жүйелердің және басқа салалар деректерін жинау, талдау және өңдеуге арналған инфрақұрылыммен қамтамасыз ету;

2) деректерді өңдеу қызметі компаниялардан алынған деректер негізінде мамандандырылған есептерді құрастыру және деректерді кешенді өңдеу, деректер қорларының жұмыс істеуін қамтамасыз ету бойынша ағымдағы жұмыстарды қоса алғанда, деректерді автоматты түрде өңдеуді қамтамасыз етуді және деректерді енгізу қызметін қамтиды. Деректерді жинау, талдау және өңдеу мұнай, газ, көмір, уран, тау-кен металлургиялық кешені, жерасты сулары, емдік балшықтар және электр энергиясы, сондай-ақ электр және жылу энергиясын өңдеу үшін қолданылатын жаңғыртылатын энергия көздері сияқты басқа салаларды қамтиды;

3) халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша ақпаратты жинау және жүйелеу;

4) еңбек нарығында тіркелген адамдар мен мемлекеттік әлеуметтік көмек алушы адамдар бойынша деректер банкіні өңдеу;

5) еңбек нарығының кәсіптік құрылымы туралы деректерді қорыту;

6) еңбек ресурстарының жағдайына кешенді талдау жүргізу;

7) халықтың өнімді жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар әзірлеу;

8) жерді қашықтан зондтау деректерін өңдеу және тарату;

9) жоғары нүктелі спутниктік навигация жүйесінің деректерін өңдеу және тарату кіреді.

2,3-бөлімнің 1.14-жолында ЭҚЖЖ 63.12.0 "Веб-порталдардың қызметіне":

1) ақпаратты жеңіл іздеуді қамтамасыз ететін Интернет-мекенжайлардың ауқымды деректер базасын жүргізу және әзірлеу мақсатымен іздеу жүйелерін пайдаланатын веб-сайттарды қолдану және форматта ұстау;

2) Интернет желісінде порталдар ретінде жұмыс істейтін мерзімдік жаңартылып отыратын ақпараттарды ұсынатын бұқаралық ақпарат құралы веб-сайттары сияқты өзге де веб-сайттарының жұмыс істеуі кіреді.

2,3-бөлімнің 1.3.1, 1.4.1, 1.14.1-жолдарында Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 20 сәуірдегі № 260 бұйрығымен

бекітілген ұйымдардың Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде жергілікті қамтуды есептеуінің бірыңғай әдістемесіне сәйкес жергілікті қамтуды есептеу жүргізіледі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16942 болып тіркелген).

6. Есепті кезеңде қызметі болмаған кезде респондент тиісті жылға арналған бекітілген Респонденттердің жалпымемлекеттік статистикалық байқаулар бойынша алғашқы статистикалық деректерді ұсыну графигінде көрсетілген осы есепті кезең үшін статистикалық нысандарды ұсынудың ең ерте мерзімдерінің аяқталу күнінен кешіктірмей Қызметінің болмағандығы туралы хабарламаны Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі № 173 бұйрығымен бекітілген Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидаларымен белгіленген тәртіпте ұсынады (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6459 болып тіркелген).

7. Осы статистикалық нысанды тапсыру электрондық түрде немесе қағаз жеткізгіште жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электронды түрде толтыру Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсында (<https://cabinet.stat.gov.kz/>) орналастырылған "Респонденттің кабинеті" арқылы он-лайн режимде жүзеге асырылады.

8. Ескертпе: X-бұл позиция толтыруға жатпайды.

9. Арифметикалық-логикалық бақылау:

1) 2-бөлім:

1-баған =  $\sum$  2, 3, 5, 6-бағандар барлық жолдар бойынша;

3-баған  $\geq$  4-баған;

1-жол = 1.1-жол + 1.2-жол + 1.3-жол + 1.4-жол + 1.5-жол + 1.6-жол +

1.7-жол + 1.8-жол + 1.9-жол + 1.10-жол + 1.11-жол + 1.12-жол + 1.13-жол + 1.14-жол

;

1.3-жол  $\geq$  1.3.1-жол 1, 2, 3, 4, 5, 6-бағандар бойынша;

1.4-жол  $\geq$  1.4.1-жол 1, 2, 3, 4, 5, 6-бағандар бойынша;

1.14-жол  $\geq$  1.14.1-жол 1, 2, 3, 4, 5, 6-бағандар бойынша.

2) 3-бөлім:

1-жол = 1.1-жол + 1.2-жол + 1.3-жол + 1.4-жол + 1.5-жол + 1.6-жол +

1.7-жол + 1.8-жол + 1.9-жол + 1.10-жол + 1.11-жол + 1.12-жол + 1.13-жол + 1.14-жол

;

1.3-жол  $\geq$  1.3.1-жол 1-баған бойынша;

1.4-жол  $\geq$  1.4.1-жол 1-баған бойынша;

1.14-жол  $\geq$  1.14.1-жол 1-баған бойынша.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК